



АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Құрметті зиялы қауым! Қадірменді әріптестер!

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті 2024 жылдың 25 мамырында **«КИБЕРКЕҢІСТІКТЕГІ ДІНИ ДИСКУРС: СЫН-ТЕГЕУРІНДЕР МЕН ШЕШІМДЕР»** тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізеді.

Конференция қазақ, араб, орыс және ағылшын тілінде офлайн және онлайн форматта өтеді деп жоспарлануда.

Конференцияның өтетін орны: Алматы қаласы, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, «Әл-Фараби» атындағы конференция залы.

КОНФЕРЕНЦИЯ СЕКЦИЯЛАРЫ:

- ❖ **Цифрлық кеңістіктегі діни білім беру мәселелері: мүмкіндіктері мен сын-тегеуріндері;**
- ❖ **Цифрлық қоғамдағы ислам: діни дағуаттың заманауи әдіс-тәсілдері;**
- ❖ **Цифрлы қоғамдағы ислам экономикасы мен қаржылық институттар (уақф жүйесі, ислам банкингі, интернет сауда, діни қайырымдылық);**
- ❖ **Киберкеңістіктегі діни экстремизм мен терроризм: қауіпсіздік пен қоғамдық тұрақтылық мәселесі**

Баршаларыңызды халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жұмысына қатысуға шақырамыз.

Қатысушылардың баяндамаларының толық мәтіні **2024 жылдың 20-шы мамырына дейін** қабылданатындығын хабарлаймыз.

ҚАТЫСУҒА ӨТІНІШ

Аты-жөні (толық) _____
Ғылыми дәрежесі (ғылыми атағы): _____
Лауызымы: _____
Ұйымның толық атауы: _____
Байланыс телефондары, факс.: _____
E-mail.: _____
Баяндаманың тақырыбы _____
Кілт сөздері _____
Қысқаша аннотациясы (250 сөзге дейін) _____

Баяндаманы әзірлеу кезінде төмендегі талаптарды ескеру қажет: электрондық нұсқада басылған мәтіннің көлемі 10-12 бетке дейін. Қарпі – Times New Roman, кеглі – 14; жоларалық интервалы – 1; енінен туралау; абзацтық шегінісі – 1 см; парақ бағдары – кітаби, жоғарғы және төменгі өріс – 2,0, сол – 3,0 және оң өрісі – 1.

Тақырыпты рәсімдеу (бас әріппен, қалың қаріппен, ортасы бойынша туралау) **МАҚАЛАНЫҢ ТАҚЫРЫБЫ** (қазақ, араб, орыс, ағылшын, тілдерінде); келесі жолда (қарпі – қалың курсив, оң жаққа туралау) – **толық А.Ж.Ә.**; келесі жолда (қарпі – курсив, оң жаққа туралау) – *ғылыми атағы, ғылыми дәрежесі, қызметі, қызмет орны, қаласы*; келесі жолда (қарпі – курсив, оң жаққа туралау) – *байланыс E-mail-ы*; бір жолдан кейін – мақаланың мәтіні. Әдебиет тізіміндегі сәйкес дереккөзге мәтіндегі сілтемелерді шаршы жақшаға алынған араб цифрларымен рәсімдеген жөн, мәселен, [1, 277-бет]. *Әр беттік автоматты сілтемелерді пайдалануға жол берілмейді.*

Баяндама соңында түйін жасалады: баяндама орыс тілінде жазылған жағдайда – қазақ және ағылшын тілдерінде; баяндама қазақ тілінде жазылған жағдайда – орыс және ағылшын тілдерінде.

Қолжазбаға тегі, аты-жөні, әкесінің аты, ғылыми дәрежесі, атағы, жұмыс орны мен қызметі, қаласы, елі, сондай-ақ, электрондық мекенжайлары мен байланыс телефондары көрсетілген авторлар туралы мәліметтер қоса тіркеледі.

Ұйымдастыру ұжымы бекітілген тақырыпқа және рәсімдеуге қойылған талаптарға сай емес баяндамаларды қабылдамау құқығын өзінде қалдырады.

Мақаланы Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің Ғылым және инновация департаменті қабылдайды.

Хатшы: Балауса Маратқызы
тел. (уатсап нөм.): +7 777 6851202
e-mail: nauka@nmu.edu.kz